

Таяуда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тұрақты даму бойынша институтымен бірлесіп, география және табиғатты пайдалану факультетінің «тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО» кафедрасының ұйымдастыруымен "ТДМ іске асырудағы университеттердің

Тұрақты дамудың міндеттерін іске асырудағы университеттердің рөлін арттыру

рөлін арттыру" тақырыбында халықаралық вебинар өтті.

Вебинардың мақсаты университеттердің ТДМ-ға қол жеткізудегі қосқан үлесін бағалау, халықаралық ынтымақтастықты нығайту және тұрақты болашақ үшін білімді трансформациялауға бағытталған бірлескен бастамаларды іске асыруға үлес қосу болды. Вебинарға Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері бойынша ұлттық

комиссиясы, Қазақстан және әлемнің түрлі елдері-Италия, Франция, АҚШ, Канада, Гаити, Нигерия, Қырғызстан, Өзбекстан, Өзірбайжан университеттерінің академиялық қоғамдастығының өкілдері, жалпы 50 – ден астам адам қатысты. Вебинарда сөйлеген баяндамашылар қазіргі заманғы университеттер өз елдері мен өңірлері үшін интеллектуалды, инновациялық және тұрақты дамудың рухани орталықтары болып табылатынын атап өтті. Университеттер климаттың өзгеруіне бейімделу, экожүйелерді сақтау және табиғатты тұрақты пайдалану, энергия мен ресурстарды үнемдеу, соның ішінде жаңартылатын энергия көздерін пайдалану, тұрақты және ақылды қалалар құру, жасыл экономиканы енгізу сияқты әлемдік мәселелерді шешу үшін білімді қалыптастыру арқылы зерттеулерімен, сапалы оқытуымен және қоғамға тікелей қатысуымен тұрақты дамуға әсер ететінін тілге тиек ете келе, оларды жүзеге асыру үшін білім беру мен халықаралық ынтымақтастықты

дамыту керектігін атап өтті. «Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО» кафедрасы ТДМ іске асыру үшін университеттердің халықаралық ынтымақтастығын одан әрі нығайтуды, «Ұрпақтан ұрпаққа жасыл көпір» ақпараттық-коммуникативтік онлайн платформасын пайдалана отырып, ақпарат, тәжірибе және бірлескен пәнаралық инновациялық жобалар алмасу үшін университеттер желісін дамытуды жоспарлап отыр.

Г.С. ЖУМАНОВА,
доцент м.а. О.А. ЗУБОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-
нің тұрақты даму бойынша
ЮНЕСКО кафедрасының
доцент м.а.

Бас редактор - Ж. САҒЫНДЫҚОВА, беттеуші - А. ИБРАИМ:

Редакцияның мекен жайы: 050000, Алматы қ., Өйтеке би, 36, (Ш. Қалдаяқов атындағы) Алғашқы
Тел. (727) 978-25-00, 8701-761-26-25. e-mail: ecocourier@mail.ru, www.ecocourier.kz

РНН 600 700 529 804 Есеп шоты KZ 628 560 000 000 087 535 АО «Банк Центр Кредит» Білім және Ғылым
Жазылым индексі жеке тұлғалар үшін – 65404, мекемелер мен ұйымдар үшін – 65405